

Здоровый Образ Жизни и наркотики несовместимы

Здоровье – самое большое счастье и самая большая ценность, которыми может обладать человек

Здоровый образ жизни – это не просто красивые слова, которые звучат из телевизора. Здоровье – самое большое счастье и самая большая ценность, которыми может обладать человек. 9 октября в КазУМОиМЯ им. Абылай хана прошла плановая профилактическая лекция на тему: «Распространение и употребление синтетических наркотиков среди молодежи», организованная специалистами УПН ДП г. Алматы.

Лектор, специалист УПН ДП г. Алматы Моисеенко В.В. рассказала студентам о наркотиках, наркотической зависимости, о последствиях пристрастия молодёжи к одурманивающим веществам. Были даны советы, как избежать соблазна попробовать наркотики. В ходе мероприятия обучающиеся



активно участвовали в обсуждении проблемы распространения среди молодежи психотропных веществ, выразили свое мнение о ценности здоровья для человека, о необходимости уметь противостоять пагубным привычкам, а также пришли к выводу, что полноценная жизнь и наркотики несовместимы.

Полноценная жизнь – это здоровье. Ведь сейчас соблюдать здоровый образ жизни гораздо доступнее. Наверное, поэтому, мода на спорт, книги, здоровый образ жизни и совершенство это - самое лучшее, к чему когда-либо стремилась молодёжь Казахстана, потому что, мы сегодня, это - надежда страны на завтра.



Проректор по СВиВР
Серезкина Т.В.

Гостевая лекция

ГОСТЕВАЯ ЛЕКЦИЯ ПРОФЕССОРА ИЗ ИСПАНИИ

11 октября 2019 г. Студенты факультета международных отношений Казахского Университета Международных отношений и Мировых Языков имени Абылай хана встретились с профессором из университета SanPablo (Испания). Профессор Антоноио Алонсо Маркос провел лекцию на тему «Новая стратегия Европейского Союза в Центральной Азии: вызовы и возможности». Студенты слушали с большим интересом и к концу задавали интересующие их вопросы и обменивались мнениями. Гостевая лекция прошла на высоком профессиональном уровне и была познавательной для студентов.

Факультет Международных Отношений
и Регионоведения



Встреча в ФМО

ДЕНЬ ПАМЯТИ МАХАТМЫ ГАНДИ в КазУМОиМЯ имени АБЫЛАЙ ХАНА



11 октября 2019 года в университете КазУМОиМЯ им. Абылай хана прошла встреча факультета международных отношений с Представителем Департамента Глобальной Коммуникации ООН – Властимилом Самеком и Генеральным Консулом Представительства Индии в г. Алматы – Шри Мартином.

Встреча была посвящена 150-летию Махатмы Ганди. Проректор Саханова А.Н., преподаватели и студенты факультета международных отношений в своих выступлениях отмечали роль и значимость идейных концептов Махатмы Ганди в наши дни. В частности, студенты специальности «Регионоведение» и «Востоковедение» процитировали изречения Махатмы Ганди на

семи языках мира и во взаимосвязи с современными тенденциями международных отношений.

В ходе встречи г-н В.Самек подчеркнул особенность данной встречи, отметив живой интерес студентов к заслугам Махатмы Ганди. В свою очередь, г-н Шри Мартин выразил свою признательность нашему университету за дань памяти Махатмы Ганди.

Факультет
Международных Отношений
и Регионоведения

Arlab Skills Day в **КазУМОиМЯ имени Абылай хана**

4 октября 2019 года на ФМО прошел научно-образовательный семинар. Цель данного мероприятия - раскрыть аналитико-исследовательские навыки, возможности трудоустройства для студентов в международных организациях.

В работе семинара приняли участие:

Д-р Джунусова Мадина Алеевна, исследователь Института Общественной политики и государственного управления;

Тортбаева Альбина, менеджер по исследованиям, оценке и обучению Центра по поддержке стабильности в странах Центральной Азии (CASSS);

Жазира Карабалаева – PhD докторант КазУМОиМЯ им. Абылай хана.

В ходе семинара спикерами были активно использованы интерактивные методы обучения для вовлечения слушателей в рабочий процесс, тем самым вызвав оживленный интерес со стороны студентов.



«Рухани жаңғыру»

РЕАЛИЗАЦИЯ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНЫХ АСПЕКТОВ ПРОГРАММЫ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» в КазУМОиМЯ им. АБЫЛАЙ ХАНА

Сержанов Б.Е., руководитель центра «Рухани жаңғыру» КазУМОиМЯ им.Абылай хана вместе с руководителем проекта грантового финансирования МОН РК по исследованию сакральных объектов на туристском рынке Казахстана Усубалиевой С., приняли участие в работе международной научной конференции «Сакральная география Казахстана», которая проходила в г.Нур-Султан 3-4 октября 2019г., организованная Министерством культуры и спорта Республики Казахстан, объединением казахстанских краеведов «Туған жер» и Национальным музеем Республики Казахстан. На конференции обсуждались теоретико-методологические вопросы сакральной географии, были предложены практические рекомендации по изучению, сохранению и популяризации духовных святынь Казахстана. Авторы выступили с докладом по теме «Анализ развития инфраструктуры сакрального туризма в Казахстане», в котором представили разработанные в рамках проекта результаты исследования по изучению проблем, сдерживающих развитие туристской инфраструктуры сакральных объектов. По результатам конференции появилась возможность сотрудничества с университетом в целях популяризации национальных ценностей и формирования патриотизма, основанного на изучении объектов природного, культурного и исторического наследия в Казахстане, что вызвало интерес участников конференции.



НАШ ЮБИЛЯР



*Уважаемая
Сахинжамал Аскаревна!*

Коллектив Педагогического факультета иностранных языков сердечно поздравляет Вас со славным юбилеем-70-летием!

Ваша профессиональная деятельность, несомненно, связана с подготовкой будущих учителей, формированием нравственного, эстетического и патриотического воспитания подрастающего поколения.

Вы внесли неоценимый вклад в развитие национальной культуры Казахстана: основатель, участница ансамбля «Айгуль», Лауреат Ленинского комсомола КазССР, проректор по учебной работе Казахской национальной академии искусств имени Т. Жургенова.

Ваши заслуги отмечены наградами Министерства образования и науки, Почетными грамотами, званием «Лучший преподаватель вуза».

Вы - признанный эксперт в области педагогических и психологических наук Республики Казахстан, Вами опубликовано 200 научных трудов по проблемам методологии казахской этнокультуры и этнопедагогике, которые признаны отечественным сообществом.

Будучи профессором, академиком академии педагогических наук РК, Международной академии наук педагогического образования РФ, в рамках научной школы Вы успешно занимаетесь подготовкой молодых научных кадров страны – магистров, кандидатов и докторов наук (17 докторских и 54 кандидатских диссертаций).

Вы, Сахинжамал Аскаревна, трудолюбивый и эрудированный человек, щедро делитесь с коллегами своим опытом в сфере педагогической деятельности.

В этот замечательный день примите от нас пожелания крепкого здоровья, семейного счастья и достижений в Вашей профессиональной деятельности.



С искренними пожеланиями
Профессорско-педагогический коллектив ПФИЯ

Уважаемая Сахипжамал Аскарвна!

Педагогический коллектив Казахского национального педагогического университета имени Абая и кафедры педагогики, поздравляет Вас с прекрасным юбилеем!!!

Многие годы Вы работали в стенах нашего университета, были членом кандидатского и докторского советов, 5 лет председателем кандидатского совета, 2 года ученым секретарем докторского Совета. Вас всегда отличали высокая внутренняя культура, профессионализм, широта научных интересов, демократизм, уважительное отношение к коллегам, забота о профессионально-педагогическом, научном и личностном росте каждого студента, аспиранта, докторанта.

Исследование различных аспектов методологии народной педагогики явилось началом целого ряда этнопедагогических исследований в РК, охватывающих проблемы использования устного народного творчества, декоративно-прикладного искусства, народной музыки и др. в современном образовании и воспитании.

Являясь автором целого научного направления в этнопедагогической науке Казахстана, Вы выпестовали свою собственную научную школу.

Под Вашим научным руководством успешно защищено и утверждено 17 докторских и 54 кандидатских диссертаций по специальности педагогика (13.00.01; 13.00.08.). Ученики и преподаватели Вашей научной школы работают во всех уголках Республики Казахстан.

Все это свидетельствует о Вашем значительном вкладе в развитие педагогической науки Казахстана, в профессиональную подготовку педагогов нового поколения, а также в подготовку научно-педагогических кадров высшей квалификации для Республики.

Вы всегда вызывали глубокое уважение и заслуженный авторитет со стороны, как руководства вуза, так и всего коллектива университета.

Мы искренне рады Вашим научным и профессиональным достижениям!!!

Ректорат, профессорско-преподавательский коллектив КазНПУ имени Абая, члены кафедры педагогики сердечно поздравляют Вас, Сахипжамал Аскарвна, с замечательным юбилеем, желают Вам здоровья, творческого долголетия, благополучия родным и близким.

Ректор КазНПУ имени Абая, д.п.н., профессор
Т.О. Балыкбаев

**Құрметті Сақыпжамал Асқарқызы !**

Мерейлі жетпіс жасыңыз құтты болсын! Сіз – Қазақтың педагогика ғылымында тыңнан түрен салған, өз сүрлеу – соқпағын қалыптастырып, талай жас өскінді қанаттандырған көрнекті ұстаз ретінде еліміздің ғылыми – рухани кеңістігінде танылған тұлғасыз. Әсіресе, Сіздің этнопедагогика салысындағы зерттеулеріңіз талай шәкірттің санасына сәуле құйып, жүрегін жылытты. Ұлтына деген сүйіспеншілігін оятып, төл құндылықтарыңызға деген құрметін күшейтті.

Ұлттық педагогиканың сырын ашып, құпиясына бойладыңыз. Бұл әсіресе өшкенін жандырып, жоғалғанын түгендеуге құлшына кіріскен Егемен еліміздің биік мақсат, мүдделерімен ұштасып, жаңа реңкке ие болғаны сөзсіз. Тегінде, ұлт мүддесі үшін қызмет еткен

адамның ұлт тарихында қалатыны шүбәсіз.

Жарты засырлық еңбек жолыңызда мыңдаған шәкірттің жүрегіне ізгіліктің дәнін егіп, талаптың тұлпарын мінгізгеніңіз көпке аян, жұртқа мәлім. Тікелей жетекшілігіңізбен 17 докторлық, 54 кандидаттық және 19 магистрлік диссертация қорғалғанының өзі ауыз толтырып айтуға тұрарлық ерен еңбек деп білеміз.

Өзіңізге әлемнің бар жақсылығын тілейміз! Абай айтқан ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүректі бірдей ұстап, ұстаз дейтін ұлы атқа лайық боп жүре бергейсіз аманда! Жазарыңыз да, жасарыңыз да көп болсын!

Құрметпен,
«Қазақстан мектебі»
журналының ұжымы

Көне Тараздан Ақжайыққа...

Елімізде туризмді дамыту әрі жастарды республикамыздың тарихи, көрікті жерлерімен таныстыру мақсатында «Almaty nomad» саяхатшылар клубы» болашақ журналистер үшін тамаша жоба ұйымдастырды. Ол жоба бойынша біз, яғни студент жастар Түркістан мен Батыс Қазақстан өңірлерінің киелі жерлерімен таныстық. Алған әсеріміз керемет. Сапардан көрген-білгендерімізді, көңілге түйгендерімізді жазып, оқырманмен бөлісуді жөн санадық.

Біз жолға аттандарда Алматыда жаңбыр жауып тұрды. Маусым айының бас кезі болатын. Рамазан айы аяқталуға жақын. Кешқұрым буынып-түйініп, кәнігі саяхатшылардай артынып-тартынып, қолымызға видеокамераларымызды, асай-мүсейлерімізді арқалап, Тараз қаласын бетке алып, жүріп кеттік. Желмен жарыса зымырап келеміз. Айналасы 7-8 сағаттың ішінде дйттеген жерімізге де табан тіредік. Қонақ үйге орналасып, сәл аялдап алған соң жетекші апайдан: «Тамаққа түсіңдер» деген хабар келді. Ұйқымыз шала-шарпы болса да, шаршағанымыз онша білінбеді. Қонақүй асханасында ауқаттанып алғаннан кейін, өз жұмысымызға кірістік.

Тараздың Алматыға қарағанда ерекше екені бірден байқалды. Көне шаһарға тән рухани болмысы сезілді. Алдымен көненің көзіндей, бағалы жәдігердің өзіндей тарихи ғимараттарын аралауды бастадық. Көрмелерді тамашаладық. Оңтүстік өңір болған соң ба, күн жарықтық шығып тұрды. Ауа қапырық, арасында ыстық леп соғады.

Келесі бағдарымыз – Талас өзенін жағалай орналасқан Тектұрмас күмбесі. Бұл күмбез туралы мектеп қабырғасында азды-көпті оқығаным болмаса, толыққанды мағлұматқа қанық емес едік. «Тектұрмас» деген атауды халықтың өзі қойыпты. Ал шын аты – Сұлтанмахмұт Шах. Сұлтанмахмұт ел басқарған кезінде, бір орында байыз таппай, бәрін өзі қадағалап, тыныш отырмаса керек. Халық содан солай атап кетіпті-мыс. Тектұрмастан әрі қарай тылсым сырға толы әйгілі Қараханның кесенесіне қарай жүрдік. Жалпы, көне ғимаратты салуға өте шеберлікпен әзірленген 30 түрлі өрнекті кірпіш қолданылған екен. Кесененің іші үлкен әрі кең. Бірнеше залдар бар. Оның ең ірісі – орталық зал. Төртінші залда төбеге шығатын баспалдақ орнатылған. Орта жайдың төбесі киіз үйдегідей жабық.

Кесене шырақшысының айтуынша, Қарахан жас күнінде Айша есімді аруағашық болады. Ол кезде Қараханның билігі жоқ. Сөйтіп ол Айшаның әкесіне қызын сұрай келеді. Алайда Айшаның әкесі қолында түгі жоқ қараша жігітке сұлу қызын бергісі келмейді... Жылдар өтіп, Қарахан қарадан шыққан хан болады. Даналығына бас иіп, ел құрметіне ие болады. Қарахан туралы Айша да естіп, ештеңеге қарамастан Бабаджа есімді күтушісімен бірге Қараханның ауылына қарай жол тартады. Ұзақ сапарда Айша бибі суға шомылып шығып, киімін киіп жатқанда, сәукелесінен шыққан сұр жылан шағып алады. Қарахан есінен танып, әлсірей бастаған Айшаны молдаға апарып, некесін қидырады. Айша бибі осы жерде Қарахан батырдың қолында көз жұмады. Сөйтіп, Айша бибінің қайтыс болған жеріне мазар тұрғызады. Қасынан өзіне де мазар салғызады. Бір сөзбен айтқанда аңыздың өзіндік маңызы мен жастарға берер тағылымы бар.

Осындай тосын тарих пен аталы аңыздың жалғасы Түркістандағы Арыстан бабта да, әйгілі сопы Қожа Ахмет Яссауида да бар. Ол енді баршаға белгілі ғой. Түркістанға түнделетіп жеттік. Арыстан бабтың басына зиярат етіп, құран бағыштап, қасиетті суы бар тұзды құдыққа келдік. Қатты шөлдеп кетсем керек, қасымдағы құрбыма «құдыққа барып, шөліміз қанғанша су ішіп қайтайық» деп қоям. Шелекті сүңгітіп жіберіп, шөмішпен іше жөнелдім. Кермек дөміне қарамастан шипасы тие берсін деп ырым еттім.

Жолай сыры бөлек Сауранға, орны ерен Отырарға, көк күмбезді Қожа Ахмет Яссауиге зиярат еттік. Жалпы, оңтүстік өңір талай тарихи оқиғалар болған жер ғой.

Қарап тұрсаң, әр тастан, әр бұрыштан аңыз өріліп, небір хикаяттар бастау алып жатқандай. Көңілге көп нәрсе түйдік. Мүмкіндік болса, киелі өлкеге тағы бір айналып соғармыз, әлі де зерттеп, зерделей түсерміз деген қызығушылымыз ояна түсті.

Желдей ескен уақыт күтіп тұра ма, сапарымыздың ендігі бағытын Ақ Жайық өңіріне бұрдық.

Оңтүстікке қарағанда жол ұзақ, машақаты мол болды. Алдыңғыдай шағын автобустен емес, поезбен келеміз. Терезеден кең байтақ даламызға көз тастап қоямыз. Көкжиекпен таласып, бір қыраттан соң бірі шығып, жүйткіген поезбен жарысатындай. Таңға жуық Оралға да жеттік. Айналадағы адамдардың қимылы ширақ, жүрісі тез. Батыс қой. Вокзалдан түскен соң, бір бұрышқа топтанып жиналып тұрғанбыз. Кенеттен «Тәте, тәте!» деген кішкентай қыз баланың дауысы естілді. Маған қарай келе жатқандай. Бөтен қалада мені қайдан таниды деп аң-таң болып қарап тұрмын. Жақындап келе жаныман өте шықты. «Тәте» деп келе жатқаны ағасы болып шықты. Жергілікті сөз қолданыстарында өңірге тән ерекшеліктер бар екенін осы кезде аңғардым.

Батыста сөйсенбі – балық күні екен. Таңнан кешке дейін бараан жеріміз балықтан тамақ жасады. Алғашында балық таңсық болғанмен, артынша үйреніп алдық. Сонымен Оралмен танысуды бастадық. Мұнда мұражайлар көп екен. Түсірілім тобымыз Сырым Датұлы, Қадір Мырза Әлі тәрізді тұлғалардың ескерткіштеріне, сондай-ақ Алашорда, Пушкин және т.б. музейлерге бас сұқтық. Қаланы екі күн аралаған соң 600 шақырым жердегі Бөкей Ордасына жол тарттық. Айтарлықтай қашықтау екен. Жөндеу көрмеген ойқыш-ұйқыш жолдан сары топырақтың шаңы бұрқ-бұрқ етеді-ау. Журналист боламын деген адам қандай да қиындыққа төзе білу керектігіне көзім жетті. Сол қиындықтың бір көрінісі жол азабы болса керек.

Қиындығының бір көрінісі, міне, осындай жол азабы болса керек. Кеш бата шыққан көлік түнімен жүріп, таңертең Ордада болды. Бөкей Ордасының көп жері негізінен құмдауыт, сазды екен. Дөңесті жерлерінде қыраттар, ойпатты тұстарында шабындықтар орналасқан. Хан Жөңгірдің тұрған үйіне барып түсірілім жасадық. Ғимарат екі бағытта жобаланыпты. Батыс қанаты қазақы нақышта, шығыс қанаты еуропалық стильде. Орталық бөлмеде ханға орналасқан. Жөңгір хан кезіндегі мешіт күмбесі қазіргі заманғыдай емес, басқашалау. Ол заманда мешіт-медресені татар ұсталар салады екен. Бәлкім татар өркениетіне қарай ойысқан шығар.

Түсірілім жұмыстары біткен соң Оралға қайта келдік. Түнгі Оралдың көркін тамашаладық. Қазақстандағы тұңғыш Киров атындағы саябақ көпшіліктің көзайымы екен. Жұрт қарасы қалың. Саябақтан сәл ары жүрсеңіз толқыны кейде тулап, кейде тынып Ақ Жайық ағып жатыр. Мәдениеттің мәйегі, өркениеттің өрнегі тұнған қазақ даласының кереметтерін көріп қатты қызықтымын.

P.S. Елімізде көненің көзіндей болған асыл дүниелер мол екен-ау деп іштей қуандым. Бірақ талай кереметтің қирап, тек үйінділері ғана қалғанын көргенде бойыңды еріксіз өкініш билейді. Әттең, небір жауһарларымыз бен мұраларымыз заманында дұрыс бағаланбай келгені, соның салдарынан сақталмай қалғаны дейсің. Бәлкім, заманында киелі орындардың қадіріне жете алмаған шығармыз. Аласапыран замандар өткенде оған қарауға, күтіп, сақтауға елдің мүмкіндігі де болмаған шығар. Әйтпесе, ғасырлардан басталып, дәуірлерге жалғасқан терең тарихымыз бар ғой. Ал тарих болып өткен құбылыстардан бөлек, көзбен көріп, қолмен ұстайтын жәдігерлерге де арқа сүйейтіні сөзсіз.

Студент спец-ти Журналистики
Аманжұр Бағдолла

ҰЛЫЛАР МҰРАСЫНА ТАҒЗЫМ

Аялы туған жеріміздегі жайқалған гүлдер, теңіздей төлегей ормандар, сылдыраған бұлақтар, керіліп жатқан кең дала, аспанмен тілдескен ақ басты таулар, жарық ай, жарқыраған жұлдыздар, көк мөлдір аспан, күлімдеген күн-өміріміздің тірегі, қызығы, рақаты. Туған жердің әрбір тасына дейін қасиетті, киелі. Сондықтан сол құдіретті мекенімізді сүйе білу әрбір адамның қасиетті борышы.

Кең байтақ қазақ жерінің шежірелі бір өлкесі киелі Семей жері. Көзіңе шалынған әр қыры,суы қасиетті, аяулы. «Рухани жаңғыру» және «Хакім Абайға 175 жыл» бағдармалары бойынша «Almaty Notad» ұйымымен бірге асырдан-асырларға ұласып, ұрпағына мұра болып қалған тарих бесігінде тербетілген қасиетті, киелі, дархан даламыздың талай ұлы тұлғалары жарық дүниенің есігін ашқан Жидебай жеріне бет бұрдық.

Киелі өлкедегі ең бірінші аялдамыз Күшікбай батыр кесенесі. Атбасар ауданының Сергеевка ауылының маңындағы Киікбай батыр мазары орта ғасырдағы сәулет өнерінің ескерткіші болып саналады. Шамамен 1693 жылы дүниеге келіп, 1741 жылы жамбасы жерге тиген батыр мазары осыдан 275 жыл бұрын тұрғызылған екен. Бүгінде дөңгелек мазардың алдыңғы беті жартылай сақталған. Қарсы қабырғасы ішінара бұзылып, кетігі таспен толтырылған. Жоғары жағы ашық, біршама жалпақ. Жарты ай пішініндегі күмістелген белгісі де бар. Жиырмасыншы ғасырдың елуінші жылдары дәл осы жерден қазақ жауынгерінің сауыты да табылған екен. Талай жыл топырақ астында жатқан сауытты тыңға түрән салғандар ойламаған жерден тауып алыпты. Қазір бұл жәдігер аудандағы тарихи-өлкетану музейінің қорында сақтаулы тұр.

Содан соң, Абылай ханның табаны тиген Қоңыр өулие мекеніне жол тарттық. Қоңыр өулие үңгіріне ағылуының себебі де осында көрінеді. Ені 80 метр, биіктігі 1,5 метрдей болатын жіңішке дөліз арқылы үңгірге кіріп, көлдің мұздай суы адам жанына қуат беріп, бүкіл сырқатқа ем болады.



Күшікбай батырдың кесенесінен рух алып, Қоңыр өулиенің суынан ем алып, 1945 жылы ұлы ақынның туғанына 100 жыл толуы қарсаңында арнаулы мемлекеттік комиссия шешімімен Жидебайдағы Абай қыстауы Абайдың Жидебайдағы мұражай-үйіне аяқ бастық. Мұражайдың бес бөлмесі мен үш залына

орналастырған заттар ұлы ақынның жақын-туыстарынан, достары мен замандастарынан алынған. Үйдің құрылымы, сыртқы пішіні Абай заманындағы көрініскелбетін сақтаған. Ұзын дәліздің сол жағындағы бірінші есіктен ас үйге кіреді. Ол - терезесі шығысқа қараған кең бөлме. Оң жақ босағада асадал мен күміс, мыс жалатылып сүйектен жасалған кішкене кебеже. 1885 жылы Абай осы екі бұйымды Семейдің өлкетану мұражайына өз қолымен өткізген. Көп заттардың ішінен қабырғадағы түскізі ерекше қоз тартады. Қонақ үйде Абайдың орыс достары Е.П.Михаэлис, С.С.Гросс, Н.И. Долгополов пен П.Лобанскийлердің суреттері бар.

Абай мен Шәкәрімдей қазақтың аңыз адамдары жатқан кесенеге көз тастаған кезде, Абай мен Шәкәрім туылған, олардың кесенесін көріп, жан дүниеммен сезінгенім үшін өзімді өмірдегі ең бақытты адам сезіндім. Естуімізше, мұның құрылысы ҚР Президентінің Жарлығы негізінде 1993 жылы басталды. Бұл уақытта Абай тойы әлемдік деңгейде өтетіні белгілі болған тұғын. Сондықтан мемлекет басшысы осы мерейтой аясында Абай мен Шәкәрім басына тұрғызылатын кесене де көрнекі, мәңгілік болуы керек деді. Осыған орай түрлі жобалар байқауға түсті. Осы байқауда үздік шығып, бас жүлдөні жеңіп алаан сәулетші - Бек Ибраимов. «Кесененің іргетасының ұзындығы - 200 метр. Көлденең (ені) - 65 метр. Бұл - қазір әлемде үлкендігі жағынан бірінші орында тұрған алып космостық құрылыс. Өйткені, жер бетінде мұның ауқымындағы ескерткіш-зират жоқ», - дейді бізге Абай мен Шәкәрім кесенесін таныстырып жүрген Жидебай қорық-мұражайының меңгерушісі Қайыржан Күзембаев.

Абай атамыздың күмбезінің жерден биіктігі - 38 жарым метр. Ал Шәкәрім қажының күмбезінің биіктігі - 37 метр. Шәкәрім күмбезін Абайдан бір жарым метр аласа қылғанының себебі, Шәкәрім Абайдың немере інісі, шәкірті. Яғни бір мүшел жас кіші болған. Ішкі шеңбер аумағы жағынан Абай кесенесі - 16 метр болса, Шәкәрімдікі - 8 метрді құрайды.


«Мұңлы қоңыр туған анам, туған жерім Бөрілі», демекші, Абайды төрт күл дүниеге танытқан ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің дүниеге келген жерге бару мен үшін үлкен қуаныш болды. Бөрілі - М.Әуезовтың балалық және жастық шағының алтын бесігі. Осынау жерде ол өмір алғаш дәмін татты. Бұл жердің әр сүйемі жазушының балалық шағының өсерлерін, іздерін сақтауда. Бұл жерде ол адамгершіліктің алғашқы сабақтарын алды. «Қара сөздер» арқылы Абай даналығына алғаш ойын өрістетті. Жазушы Абай туыстары мен балалары - Турағұл, Мекаил, Ізқил, Кемилә мен Ақылбай балаларымен қатар өсіпті. М.Әуезов туған жеріне соңғы рет өзінің 60-жылдық мерейтойы кезінде келді. Сол соңғы келген сапарында жерлестерінің алдында сөйлеген сөзінің таспа жазбасы мұражай қорында сақталуда. Көп жылдан кейін жерлестерімен қауышқан жазушының үлкен толқыныс үстіндегі көңіл-күйін осы таспадағы дауыс үн толқынынан сезуге болады.

Соңғы аялдамамыз Семей қаласындағы мұражайлар болды. Біз А.Құнанбаевтың, Ф.М.Достаевскийдің, Семейдің облыстық тарихи - өлкетану музейі, Невзоровтар мұражайларын көрдік. Әрқайсысы жастарға өнеге мен тәлім бере алатын мұражайлар. Мұражайларды аралап жүргенде, мен бірнәрсені көңілге түйдім. Осыншама мұражайлар мен тарихи құндылықтарға бай Семей жері өте бақытты екен.

Қорытындылай келе, мен бұл іс-сапарда тек қана мұражайларды аралап қана қоймай, өзіме жан дүниеме жақын бола алатындай достар таптым. Сонымен қатар, рухани қуат алып, тарихи тұлғалардың іздері қалған қасиетті жерлерді көріп, үлкен өсер алдым. Көк аспан астындағы ұлы даланың тарихи құндылықтары бүгінгі жастар үшін аса бағалы тәлім беретін дүние. «Өткенімізді ұмытсақ, болашақ бізді кешірмейді», - деген ұлы даналықты жадынан шығармай ұстаған халықтың болашағы айқын, келешегі кемел болады. Сондықтан кеменгер халықтың, ізденімпаз ұлттың бүгінгі ұрпақтары, біздер төл тарихымызды мақтаныш етіп, бүкіл баламаға өйгілі болған тұлғаларды дәріптеп, аялау біздің қолымызда.

День пожилого человека

С ДНЕМ «МУДРОГО ЧЕЛОВЕКА»



В нашей стране, наряду со многими праздниками введен безусловно волнующий и приятный для многих праздник - День пожилого человека, которую отмечают в золотую осеннюю пору, в октябре месяце. Всё внимание и все самые добрые слова обращены к вам, наши милые, добрые, мудрые старшие люди. Возраст зрелых, мудрых людей часто называют осенью жизни...

Как каждое время года прекрасно по-своему, так неповторимы и «возрастные сезоны» нашей жизни. Этот день - не напоминание старшему поколению о возрасте, а день особого отношения к пожилым людям. Эти люди всю жизнь отдали труду, воспитанию детей, которые приняв у них эстафету, продолжают начатое дело. Для этих дорогих людей профсоюзный комитет университета организовал встречу


с песнями за праздничным дастарханом. Было сказано много добрых слов нашим уважаемым пожилым людям. Задумчивые песни пели все вместе и плясали. Не усидеть им, когда играет музыка. Решили вспомнить молодые годы. Ведь раньше без веселья не работали, всегда были гармонь и частушки. И пусть их жизнь была не такой уж радостной, но они сохранили то душевное тепло, то милосердное терпение, которого так часто не хватает молодым. Будем благодарны пожилым людям за все, что они сделали. Пусть же осень жизни вашей - долго-долго будет. Пусть не страшат вас появляющиеся морщинки - они словно лучики согревают сердца окружающих. С праздником, родные наши мудрые люди, и всего вам хорошего.

Председатель профкома Закржевская Л.А.


Наши студенты

ПОЗДРАВЛЯЕМ НАШИХ СТУДЕНТОВ!

Студентки 4 курса КазУМО и МЯ им. Абылай хана по специальности «Журналистика» Асылбек Айжан и Марина Субботина стали соредакторами международного исследовательского журнала «SlavicumPress» <https://dlf.uzh.ch/sites/slavicumpress/> (Швейцария, Цюрихский университет).



В материалах сетевого издания на английском, немецком, французском и многих славянских языках представлены исследовательские статьи, видеорепортажи, проза молодых авторов из многих стран Европы и Азии, в том числе шесть работ студентов нашего университета. Издание существует второй год, но уже получило известность в кругу филологов и арт-экспертов Европы. Поздравляем наших начинающих журналистов и приглашаем всех заинтересованных авторов на страницы издания.



Студенты 4 курса
по специальности
«Журналистика»

Общая редакция – ректор КазУМОиМЯ им. Абылай хана, д.филол.н., профессор, академик НАН РК, С.С. КУНАНБАЕВА

Главный редактор – проректор по УМР, д.ф.н., Т.А. КУЛЫГИЛЬДИНОВА.

Редакционная коллегия: – Отв. за выпуск, начальник изд-ва Б.А. ЕСЕНГАЛИЕВА, дизайн-верстка КЫНЫРБЕКОВ Б.С.

Учредитель – АО «Казахский университет международных отношений и мировых языков» имени Абылай хана

Газета зарегистрирована в Национальном агентстве по делам печати и массовой информации Республики Казахстан

Подписано в печать: 17.10.2019 г., Заказ № 877. Тираж 100 экз.

Отпечатано в издательстве «Полилингва» КазУМОиМЯ имени Абылай хана, г. Алматы, ул. Муратбаева, 200. Тел.: 292-03-84 вн. 21-19